

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік энергетикалық қадағалауы туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 5 мамыр N 362. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.11.08. N 1489 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік энергетикалық қадағалауы туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 5 мамырдағы
N 362 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
энергетикалық қадағалауы туралы
Е р е ж е

1. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау (Мемэнергияқадағалау) ведомстволық иелігі мен меншік нысандарына қарамастан Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге мемлекеттік бақылау және сараптама жасайтын республикалық орган болып табылады, оның міндеті заңдардың, нормативті актілердің, мемлекеттік және салалық стандарттардың;

- белгілі бір дәрежеде энергияны үнемдей отырып, тұтынушылардың электр мен жылу энергиясын ұтымды әрі тиімді пайдалану;

- электр мен жылу пайдаланылатын қондырғылардың, Қазақстан Республикасы Мемкентехқадағалауының қадағалауындағыдан немесе арнаулы ереже бойынша пайдаланылатынынан басқа, техникалық жай-күйі және оларға қауіпсіз күтім жасау;

- электр мен жылу пайдаланудың шарттық режимдерін, сондай-ақ энергия жүйелеріне барынша жүктеме түсу кезеңінде реттеу шараларын сақтау;

- энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың, сондай-ақ оны тұтынушылардың электр мен жылу энергиясының сапасы жөніндегі Мемлекеттік стандарттарды

о р ы н д а у ;

- энергия ресурстарын өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы қарым-қатынас жөнінде монополияға қарсы саясатты жүзеге асыру, олардың арасында Қазақстан Республикасының Мемэнергияқадағалау органдарының құзырына жатқызылған мәселелер бойынша келіспеушілікті қараған кезде аралық жақтың функциясын атқару жөніндегі талаптары жүзеге асырылуын қ а м т а м а с ы з е т у .

Қазақстан Республикасы Мемкентехқадағалауының қадағалауындағынан немесе арнаулы ережелер бойынша пайдаланылатынынан басқа электр қондырғыларын қадағалауды осы қондырғылар қарамағында тұрған министрліктер мен ведомстволар Қазақстан Республикасы Мемэнергияқадағалауының келісуімен жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Мемэнергияқадағалау органдары Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрлігінің "Қазақстанэнергия" мемлекеттік электр энергетика компаниясының құрамына кіреді және өзінің қызметінде республиканың заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, осы Ережені, сондай-ақ жоғары тұрған мемлекеттік басқару органдарының бұйрықтарын басшылыққа алады және республиканың басқа да басқару органдарымен, жергілікті атқарушы органдармен, энергия бірлестіктерімен, ғылыми-зерттеу және мамандандырылған жобалау ұйымдарымен өзара тығыз іс-қимыл жасай отырып жұмыс істейді.

3. Республикада мемлекеттік энергетикалық қадағалауды жүзеге асыратын органдардың жүйесіне "Қазақстанэнергия" мемлекеттік электр энергетика компаниясының құрамындағы Мемэнергияқадағалау басқармасы, энергетика және электрлендіру өндірістік бірлестіктерінің құрылымдық бірлігі ретінде Мемэнергияқадағалау кәсіпорындары кіреді.

Мемэнергияқадағалау басқармасының құрылымы мен штаты орындайтын міндеттерінің көлеміне сәйкес белгіленеді және тиісті энергетика мен электрлендіру өндірістік бірлестігі бекітеді.

Мемлекеттік энергетикалық қадағалау функцияларын басқа энергия бірлестіктерінің бөлімшелеріне және "Қазақстанэнергия" мемлекеттік электр энергетика компаниясына беруге болмайды.

Мемэнергияқадағалау органдарының негізгі қызметі және олардың ұжымдарын әлеуметтік дамыту жөніндегі шығындар энергетика мен электрлендіру өндірістік бірлестіктерінің тауарлы өнімінің өзіндік құны есебінен қ а р ж ы л а н д ы р ы л а д ы .

4. Мемэнергияқадағалау басқармасының бастығы "Қазақстанэнергия" мемлекеттік электр энергетика компаниясының бұйрығымен Қазақстан

Республикасы энергетика және отын ресурстары министрлігінің келісуі бойынша қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

Мемэнергияқадағалау кәсіпорнының директоры Мемэнергияқадағалау басқармасының келісуі бойынша энергетика мен электрлендіру өндірістік бірлестігінің бұйрығымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

Мемэнергияқадағалау басқармасының бастығы лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының энергетикалық қадағалау жөніндегі Мемлекеттік бас инспекторы, ал оның орынбасарлары - Қазақстан Республикасының энергетикалық қадағалау жөніндегі Мемлекеттік бас инспекторының орынбасарлары болып табылады.

Мемэнергияқадағалау басқармасының бас мамандары, жетекші мамандары, Мемэнергияқадағалау кәсіпорындарының директорлары, олардың орынбасарлары, сондай-ақ энергия инспекциялары мен бөлімшелерінің бастықтары Энергетикалық қадағалау жөніндегі мемлекеттік аға инспекторлар болып табылады.

5. Қазақстан Республикасы Мемэнергияқадағалау органдары:

электр және жылу энергиясының сапасының қолданылып жүрген стандарттарына сәйкес тұтынушыларды энергиямен жабдықтаудың шарттық талаптарын қамтамасыз ететін шараларды энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың орындауын;

жұмыс істеп тұрған, жаңадан іске қосылатын және жаңғыртылатын энергияны көп керек ететін қондырғылар мен энергия тұтынушылардың жабдықтауына баланстық энергетикалық сынақ жүргізілуін;

ведомстволық иелігі мен меншік нысандарына қарамастан энергия тұтынушылардың электр және жылу энергиясын жұмсау нормаларын әзірлеуін, бекітуін және оларды сақтауын, энергия үнемдейтін технологияларды енгізуін, қайталама жылу энергетика ресурстарын пайдалануын;

Электр қондырғыларын орнату, электр мен жылу пайдаланылатын қондырғыларды техникалық пайдалану, электр мен жылу пайдаланылатын қондырғыларды пайдалану кезінде техника қауіпсіздігін сақтау ережелерін, сондай-ақ Электр және жылу энергиясын пайдалану ережелерін тұтынушылардың сақтауын;

өнеркәсіп кәсіпорындарының электр қондырғыларындағы реактивті қуаттың және соларға теңдестірілген басқа да электр энергиясын тұтынушылардың электр қондырғыларындағы реактивті қуаттың ұтымды дәрежеде өтем жасалуын, сондай-ақ конденсатты қайтару нормаларының дұрыс белгіленуі мен орындалуы қамтамасыз етілуін;

электр және жылу энергиясын өндіру мен тұтынуды есепке алудың жайын,

оны пайдаланудың қолданылып жүрген тарифтері, реактивті қуатқа өтем жасаудың ұтымды деңгейін орындағаны (орындамағаны) үшін электр энергиясына арналған тарифтерден (тарифке үстемеден) шегерімдердің, конденсатты қайтарудың белгіленген нормалары асыра орындалған (орындалмаған) жағдайда жылу энергиясының құнынан (құнға үстемеден) шегерімдердің дұрыс қолданылуын;

энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың тұтынушылармен жасаған екі жақты шарттары негізінде энергия ресурстары нарығының реттелуін, энергия ресурстары жетіспеген кезде қуаттар мен энергияны шектеудің белгіленген тәртіп бойынша әзірленіп, бекітілетін графиктері орындалуын;

ведомстволық бағынысы мен меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындар, тұрғын үйлер, мәдени-тұрмыстық мақсаттағы және коммуналдық-шаруашылық объектілері жобаларының электр мен жылу техникасына қатысты бөлігі әзірленуін қадағалайды.

6. Қазақстан Республикасының Мемэнергияқадағалау басқармасы:

осы Ережеге сәйкес Мемэнергияқадағалау кәсіпорындарының қызметіне техникалық және әдістемелік басшылықты жүзеге асырады және олардың жұмысын бақылайды;

мүдделі министрліктер мен ведомстволардың ұсыныстарын ескере отырып кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге міндетті электр мен жылу пайдаланылатын қондырғыларды техникалық пайдалану және электр мен жылу энергиясын пайдалану ережелерін, Электр қондырғыларын орнату ережелерін, Электр мен жылу пайдаланылатын қондырғыларды пайдалану кезінде техника қауіпсіздігі ережелерін әзірлейді және бекітеді;

өндіріс технологиясында, жылыту және ыстық сумен жабдықтау үшін берілетін электр энергиясын қарастырады және оны қолдануға рұқсат береді;

энергия үнемдеудің озық тәжірибесін қорытып, таратады, энергияны ысырапқорлықпен және заңсыз жұмсаудың беті ашылған фактілеріне талдау жасайды, оларды жою жөнінде тиісті мемлекеттік басқару органдары мен кәсіпорындарға ұсыныстар енгізеді;

заңсыз және сенімді түрде пайдалану мен қауіпсіз күтім жасау талаптарын қанағаттандырмайтын электр мен жылу пайдаланылатын жабдықтарды, Қазақстан Республикасының Мемкентехқадағалауының қадағалауындағыдан басқа, өндірістен алу, сондай-ақ оларды жасауға арналған техникалық шарттарды қайта қарау туралы тиісті министрліктер мен ведомстволарға ұсыныс енгізеді;

электр мен жылу пайдаланылатын жабдықтарға, Қазақстан Республикасының Мемкентехқадағалауының қадағалауындағыдан басқа, арналған мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттардың келісуге табыс етілген жобаларын қарастырады және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті

жанындағы Стандарттау мен метрология жөніндегі бас басқармаға осындай жаңа стандарттардың жобасын әзірлеу және ескіргенін қайта қарау туралы ұсыныс е н г і з е д і ;

өзінің құзырына енгізілген мәселелер бойынша заң актілері мен қаулылардың жобасын әзірлейді және оларды Қазақстан Республикасының энергетика және отын ресурстары министрлігі арқылы республика Үкіметіне енгізеді;

Мемлекеттік энергетикалық бақылау кәсіпорындарының, энергия бірлестіктерінің және электр мен жылу энергиясын тұтынушылардың арасындағы Мемлекеттік энергетикалық қадағалау органдарының құзырына кіретін мәселелер жөніндегі келіспеушіліктерді қарайды, солар бойынша тиісті ш е ш і м д е р е н г і з е д і ;

электр мен жылу энергиясын үнемдеу, электр мен жылу пайдаланылатын қондырғылардың техника қауіпсіздігі және оларды пайдалану жөнінде белгіленген тәртіппен техникалық әдебиеттер басып шығаруды ұйымдастырады, осы мәселелер бойынша конкурстар, кеңестер, көрмелер өткізеді.

7. Энергетикалық қадағалау жөніндегі мемлекеттік бас инспекторға, оның орынбасарларына, мемлекеттік аға инспекторларға және энергетикалық қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторларға:

қызметтік куәлігін көрсеткен жағдайда, ведомстволық иелігі мен меншік нысандарына қарамастан, электр мен жылу пайдаланылатын қондырғыларға тәуліктің кез келген уақытында бөгетсіз келіп-кету;

барлық кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге электр мен жылу энергиясын өнімсіз жұмсау фактілерін жою, Электр қондырғыларын орнату, электр мен жылу пайдаланылатын қондырғыларды техникалық пайдалану және оларға күтім жасаған кезде техника қауіпсіздігі ережелерін, сондай-ақ Электр мен жылу энергиясын пайдалану ережелерін сақтау туралы белгіленген тәртіп бойынша тексеру актілерін ресімдей отырып, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айыппұл санкцияларын қолданып, орындауға міндетті н ұ с қ а м а л а р б е р у ;

авария болу, өрт шығу қатерін төндіретін жағдай немесе адамдар мен малдардың өміріне төнетін қауіп анықталған кезде электр мен жылу пайдаланылатын қондырғыларды дереу бөліп тастауды кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер басшыларынан талап ету, ал бұл талаптар орындалмаған кезде осы қондырғыларды бөліп тастап, бітеп қою;

электр энергиясы мен қуаттарды тұтынуды шектеу графиктерін енгізу туралы өкімдер орындалмаған кезде кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге және басқа меншік субъектілеріне электр мен жылу энергиясының босатылуын энергиямен жабдықтаушы ұйымдар арқылы шектеу;

электр мен жылу пайдаланылатын қондырғыларға күтім жасайтын адамдарды

бақылап, олардың білімін тексеруге қатысу, білім дер кезінде тексеруден өтпеген немесе Энергетика қондырғыларына күтім жасаған кезде техникалық пайдалану және техника қауіпсіздігі ережелерінің талаптарын бұзған адамдарды жұмысқа жіберу қ ұ қ ы н а н а й ы р у ;

кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің жаңадан іске қосылатын, жаңғыртылатын электр мен жылу пайдаланылатын қондырғыларын тексеруге және пайдалануға беруге рұқсат ету;

кәсіпорындармен, ұйымдармен және мекемелермен бірлесіп белгіленген нысанда авариялық және технологиялық бронь актілерін, энергия жүйелеріне барынша жүктеме түсетін сағаттарда электр қуатын тұтынуды кеміту жөнінде реттеуші шараларды әзірлеу және олардың орындалуын талап ету;

жылу және электр энергиясы мен қуаттарды пайдалану жөнінде кәсіпорындар мен ұйымдар жасайтын статистикалық және жедеғабыл есеп берудің д ұ р ы с т ы ғ ы н т е к с е р у ;

авариялардың болу жағдайы мен себептерін, сондай-ақ электр мен жылу пайдаланылатын қондырғыларды, Қазақстан Республикасының Мемкентехқадағалауының қадағалауындағыдан басқа, пайдалануға байланысты ауыр жазатайым оқиғалардың себептерін тексеруге белгіленген тәртіппен қатысу ;

Қазақстан Республикасы Мемэнергияқадағалау органдарының құзырына жататын мәселелер бойынша министрліктер мен ведомстволардан, кәсіпорындардан, ұйымдар мен мекемелерден қажетті мәліметтер мен м а т е р и а л д а р с ұ р а т ы п а л у ;

Қазақстан Республикасы Мемэнергияқадағалау органдарының құзырына кіретін мәселелер бойынша сараптама жасап, қорытынды шығару үшін қажет болған жағдайларда ғылыми-зерттеу және жобалау институттарының, басқа да ұйымдардың мамандарын қатыстыру құқығы беріледі.

8. Мемлекеттік электр энергетикалық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар өздеріне жүктелген міндеттерді орындамағаны және берілген құқықтарды дұрыс пайдаланбағаны үшін заңдармен белгіленген жауапкершілікке т а р т ы л а д ы .

9. Мемлекеттік энергетикалық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың іс-әрекетіне жоғары тұрған органдар арқылы 10 күндік мерзімде ш а ғ ы м ж а с а л у ы м ү м к і н .

Шағым беру шағым жасалған шешімнің орындалуын тоқтата алмайды.

10. Мемлекеттік энергетикалық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың бірыңғай үлгідегі куәлігі болады.

11. Қазақстан Республикасы Мемэнергияқадағалау органдарының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген өз атауы қазақ және орыс

тілдерінде жазылған мөрі, банк мекемелерінде есепшоттары, бланкілері мен
ш т а м п т а р ы б о л а д ы .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК